

«АЛМАТЫ АУДАНЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
ЗАНДЫ ТҰЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

2014 ж. 25.12 ЖҮРГІЗІЛДІ
КҮӘЛІК 48416-1901-АК
БСН 101140017122

«АЛМАТЫ АУДАНЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР

2019 ж. 16.05 ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 101140017122
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 2014 ЖЫЛ 25.12
КҮӘЛІК № 9187-1901-03-АК

«АстанаГаз ҚМГ» АҚ
акционерлерінің Жалпы жиналысының
шешімімен
БЕКІТІЛДІ
(акционерлердің Жалпы жиналысы
отырысының хаттамасы) № 3
«06» мамыр 2019 ЖЫЛ

**«АстанаГаз ҚМГ»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

Нұр-Сұлтан қ., 2019 жыл

1-БАП. ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

1. «АстанаГаз ҚМГ» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі – Заңнама деп аталады), сондай-ақ осы Жарғыға (бұдан әрі – Жарғы) және Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес өз қызметін жүзеге асырады.

2. Қоғам әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәтінен заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

3. Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

4. Қоғамның дербес теңгерімі, банк шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі бар.

5. Қоғамның мемлекеттік, орыс тілдерінде мөртабандары, фирмалық бланкілері және басқа да деректемелері болуы мүмкін.

2-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ МЕРЗІМІ

6. Қоғамның атауы:

мемлекеттік тілдегі толық атауы – «АстанаГаз ҚМГ» акционерлік қоғамы, қысқартылған атауы – «АстанаГаз ҚМГ» АҚ;

орыс тіліндегі толық атауы – акционерное общество «АстанаГаз КМГ», қысқартылған атауы – АО «АстанаГаз КМГ»;

ағылшын тіліндегі толық атауы – «AstanaGas KMG» joint stock company, қысқартылған атауы – «AstanaGas KMG» JSC.

7. Қоғамның орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхаммед Қонаев көшесі, 8.

8. Қоғам қызметінің мерзімі – шектелмеген.

3-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ

9. Қоғамның акционерлері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) және «Baiterek Venture Fund» акционерлік қоғамы болып табылады.

4-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫ

10. Осы Жарғы Қоғамның құрылтайшылық құжаты болып табылады.

11. Барлық мүдделі тұлғалар Жарғымен танысуға құқылы.

5-БАП. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН НЫСАНЫ

12. Қоғамның мақсаты – дербес шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында таза табыс алу.

13. Қоғам қызметінің нысаны мыналар болып табылады:

1) инженерлік ізденістер саласындағы қызмет және көмірсутек шикізаты саласында техникалық консультациялар беру;

2) магистральды және өзге де су құбырларын, оның ішінде су таратқыштарды пайдалану;

3) мұнай және газ магистральды құбырларын салу;

4) құбыр бойымен тасымалдау;

5) Қоғам пайдаланатын магистральды газ құбырлары объектілеріндегі өзге ге құрылыс-монтаждау жұмыстары;

6) жеке қажеттіліктер үшін монтаждалған жабдықты іске қосу және реттеу.

Лицензияның немесе Заңнамада белгіленген тәртіппен алынуы керек рұқсаттың өзге де түрінің болуын талап етілетін қызмет түрлері тиісті лицензияларды немесе рұқсаттың өзге де түрін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

6-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

14. Қоғамның Заңнамада көзделген барлық құқықтарға ие және барлық міндеттерді алады.

15. Қоғамның акционерлердің мүлкінен оқшауланған мүлкі бар. Қоғам акционерлердің міндеттемелері бойынша жауапкершілік алмайды.

16. Қоғам акционерлері Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оларға тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғам қызметімен байланысты залал тәуекелін көтереді.

17. Қоғам өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапкершілік алады.

18. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасасуы, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді алуы, сотта талапкер немесе жауапкер болуы, сондай-ақ Заңнамаға қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жүзеге асыруы мүмкін.

19. Қоғам қорғау құжаттарын, технологияларды, «ноу-хау» және басқа да ақпаратты иелену және пайдалану құқығын сатып алуы және беруі мүмкін.

20. Қоғам Қазақстан Республикасында және шет елде өз филиалдары мен өкілдіктерін құруы, өз мүлкі есебінен оларға негізгі және айналым қаражатын бөлуге және Заңнамаға сәйкес олардың қызметінің тәртібін белгілеуі мүмкін. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке теңгерімінде және жалпы Қоғамның теңгерімінде есепке алынады.

21. Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметіне Басқарма төрағасы (Бас директор) тағайындайтын тұлғалар басшылықты жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Қоғам берген сенімхат негізінде әрекет етеді.

22. Қоғам өндірістік қызметті жоспарлаумен, қызметкерлерге еңбекақы төлеумен, материалдық-техникалық жабдықтаумен, әлеуметтік дамумен, табыстың бөлінуімен, кадрларды іріктеумен, орналастырумен және қайта даярлаумен байланысты барлық мәселелерді өз бетінше шешеді.

23. Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында және оның аумағынан тыс орналасқан банктерде және басқа да қаржы ұйымдарында ұлттық, сол сияқты шетелдік валютада белгіленген тәртіппен шот ашуға құқылы.

24. Қоғам Заңнамаға сәйкес теңгемен және шетелдік валютада қарыз алуға және кредиттерді пайдалануға құқылы.

25. Қоғам ішкі нормативтік және техникалық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

26. Басқарма Төрағасы (Бас директор) Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасын Басқарма төрағасының (Бас директордың) шетелдік іссапарларын келіседі.

27. Қоғам акционерлердің ішкі аудит қызметтеріне Қоғам Директорлар кеңесінің тиісті шешімі болған кезде аудит барысында белгілі болған Қоғамның құпия ақпаратын жарияламауды ескере отырып, барлық құжаттамаға, өндірістік және басқа объектілерге, кез келген ақпаратқа, оның ішінде Қоғам компаниялар тобының коммерциялық және қызметтік құпиясын құрайтын мәліметтер мен ақпаратқа шектеусіз қолжетімділік ұсынады.

28. Қоғамның Заңнамада және Жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы және басқа да міндеттерді алуы мүмкін.

7-БАП. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

29. Қоғам акционерлері құқылы:

1) Заңға сәйкес акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда шақыру туралы талапарызбен сотқа жүгінуге;

2) Заңда және (немесе) Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

3) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайыздарын өздігінен немесе басқа акционерлермен бірлесіп иелену кезінде Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

4) дивидендтер алуға;

5) егер сұратуда өзге мерзімдер белгіленбесе, Қоғам сұрату алған сәтінен отыз күннен кешіктірмей, Қоғам қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты қоса алғанда, үлестес ұйымдар аясындағы ақпаратты алуға, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысында немесе Жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

6) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның Қоғамның бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын үзінді көшірме алуға;

7) акционерлердің Жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін үміткерлерді ұсынуға;

8) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;

9) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын өздігінен немесе басқа акционерлермен бірге иелену кезінде Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда өз атынан лауазымды тұлғалардың Қоғамға келтірілген залалды өтеуі және лауазымды тұлғалардың және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) мүддесіне орай жасалған мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған кірісті (табысты) Қоғамға қайтару туралы талаппен сот органдарына өз атынан жүгінуге;

10) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұратулармен өтініш білдіруге және белгіленген мерзімде уәжді жауаптар алуға;

11) Қоғамды тарату кезінде мүліктің бір бөлігіне;

12) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе акцияларға айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға;

13) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

14) аудиторлық ұйымның Қоғамға өз есебінен аудит жүргізуін талап етуге;

15) акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешім қабылдауға бастамашы болуға;

16) акционерлердің Жалпы жиналысының Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе Заңда көзделген тәртіппен олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға.

30. Осы Жарғының 29-тармағы 3) тармақшасында көзделген талаптарды орындау акционерлердің Жалпы жиналысын шақыратын орган немесе тұлғалар үшін міндетті.

31. Акционерлер Заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген басқа да құқықтарға ие болуы мүмкін.

32. Қоғам акционерлері міндетті:

1) Заңда және Жарғыда көзделген тәртіппен акцияларды төлеуге;

2) он күн ішінде орталық депозитарийге және (немесе) осы акционерге тиесілі акциялардың атаулы ұстаушысына Қоғам акциялары ұстаушыларының тізілімі жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты жарияламауға;

4) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге міндеттерді орындауға.

33. Қоғам мен орталық депозитарий және (немесе) атаулы ұстаушы осы Жарғының 32-тармағы 2) тармақшасында белгіленген талаптарды акционердің орындамау салдары үшін жауапкершілік алмайды.

8-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

34. Қоғам акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды шығаруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналым және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамамен айқындалады.

35. Қоғам тек қана қарапайым акцияларды шығарады.

Қарапайым акция акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша акционерлерге шешім қабылдау құқығын береді. Сондай-ақ, қарапайым акция акционерлерге Қоғамда таза табыс болған кезде дивидендтер алуға және Заңмен белгіленген тәртіппен тарату кезінде Қоғам мүлінің бір бөлігін алуға құқық береді.

36. Қоғам акцияларын шығару құжатсыз нысанда жүзеге асырылады.

37. Қоғам өз акцияларын оларды шығару мемлекеттік тіркелгеннен кейін акциялардың мәлімделген саны шегінде бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастыруға құқылы.

38. Орналастырылатын акциялардың төлеміне ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқық) және Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан бөлек өзге мүлікпен төлеу (бағалы қағаздарды қоспағанда) бағалаушы анықтаған баға бойынша жүзеге асырылады.

39. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізуді тек қана орталық депозитарий жүзеге асыра алады.

40. Қоғам мына жағдайларда ғана орналастырылған бағалы қағаздарды кепілге қабылдай алады:

- 1) кепілге берілген бағалы қағаздар толығымен төленген;
- 2) Қоғамға кепілге берілетін акциялардың және онда кепілде орналасқан акциялардың жалпы саны Қоғам сатып алған акцияларды қоспағанда Қоғам орналастырға акциялардың жиырма бес пайызынан артық емес;
- 3) кепіл туралы шарт акционерлердің Жалпы жиналысымен мақұлданды.

9-БАП. ДИВИДЕНДТЕР

41. Дивиденд акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен сәйкес акционерлерге тиесілі акциялар бойынша төленетін табыс болып табылады.

42. Дивидендтер төлеу ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен жүргізіледі. Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге мұндай төлем Қоғамның жарияланған акцияларымен және (немесе) акционерлердің жазбаша келісім болған кезде олардың шығарылған облигацияларымен жүзеге асырылған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

43. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу Қоғамның сәйкес кезеңдегі қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін ғана тоқсан, жартыжылдық немесе жыл қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

44. Қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім акционерлердің Жалпы жиналысында қабылданады.

Дивидендтер акционерлердің Жалпы жиналысында белгіленген мерзімде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған кезде төленеді.

45. Акционерлердің Жалпы жиналысы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялап, Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

46. Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

47. Қоғамның қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімі келесі мәліметтерді қамтуы тиіс:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банк және өзге де деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір қарапайым акцияға есептегендегі дивидендтің көлемі;
- 4) дивидендтер төлеуді бастау күні;
- 5) дивидендтер төлеу тәртібі мен нысаны;
- 6) төлем агентінің атауы (төлем агенті болған кезде).

48. Дивидендтер төлеу Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болған кезде қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған сәтінен тоқсан күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуы тиіс.

Акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу акционер Қоғамға ол туралы қажетті мәліметтерді Қоғам акцияларын ұстаушыларды тізілімі жүйесіне енгізілгенін растайтын құжатпен өтініш білдірген сәтінен тоқсан күн ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

49. Дивиденд Жарғының 50-тармағында көрсетілген негіздемелер бойынша есептелмеген жағдайларды қоспағанда, акционерлер Қоғам берешегінің құралуы мерзіміне қарамастан алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

Дивидендтер төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда акционерлерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне сүйене отырып есептелген өсімақы төленеді.

50. Қоғамның қарапайым акциялары бойынша мына жағдайларда акционерлерге дивидендтер есептеуге жол берілмейді:

1) Қоғамның дербес капиталының теріс мөлшері кезінде немесе Қоғамның дербес капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап беретін болса немесе көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса.

10-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

51. Қоғамның органдары мыналар болып табылады:

- 1) жоғарғы орган – акционерлердің Жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма.

Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуы саласындағы бағалауды және Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді акционерлердің ішкі аудит қызметтері жүзеге асырады.

11-БАП. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

52. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс деп бөлінеді.

53. Қоғам қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде жыл сайын акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Көрсетілген мерзім есепті кезең ішінде Қоғам қызметіне аудитті аяқтау мүмкін болмаған жағдайда үш айға дейін ұзартылған болып есептеледі. Акционерлердің өзге Жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

Қоғам акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысын Қоғамның Директорлар кеңесі шақырады.

Қоғам акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар кеңесінің немесе Қоғамның кез келген акционерінің бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін.

54. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысын дайындау және өткізуді Қоғамның Басқармасы, онымен жасалған шартқа сәйкес Қоғамның орталық депозитарийі, Директорлар кеңесі, таратылған жағдайда – Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

55. Заңнамада акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын міндетті шақыру жағдайлары көзделуі мүмкін.

56. Акционерлердің Жалпы жиналысының қарауына Заңның 35-бабына 2-тармағына сәйкес оның құзыретіне жатқызылған мәселелерді шығаруға Директорлар кеңесі бастама жасайды.

57. Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу бойынша шығыстарды Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғам көтереді.

58. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты жиналысқа оған қатысуға құқылы тұлғалардың ең көп саны қатыса алатындай белгіленуі тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналыстары Қоғам Басқармасының орналасқан жері бойынша елдімекенде өткізіледі.

59. Акционерлерге алда өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысы туралы отыз күнтізбелік күннен бұрын кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында жиналыс өткізілген күнге дейін қырық бес күнтізбелік күннен бұрын кешіктірілмей хабарлануы тиіс.

60. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама жазбаша хабарлама жіберу арқылы акционерлерге жеткізіледі.

Осы баптың 59-тармағында белгіленген мерзімдерді есептеу акционерлерге Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама жіберілген күннен басталады.

61. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада мыналар қамтылуы тиіс:

1) толық атауы және Қоғам Басқармасының орналасқан жері;

2) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;

3) Қоғам акционерлері Жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны, жиналыс қатысушыларын тіркеуді бастау уақыты, сондай-ақ егер бірінші жиналыс өткізілмесе, Қоғам акционерлерінің қайтадан өткізілуі тиіс Жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты;

4) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлер тізімін жасау күні;

5) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдармен акционерлерді таныстыру тәртібі;

7) акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі;

8) сырттай дауыс беру тәртібі және сырттай дауыс беру рәсімі;

9) оған сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысы өткізіліп отырған Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары.

62. Акционерлердің Жалпы жиналысын қайтадан өткізу акционерлердің бастапқы (өткізілмеген) Жалпы жиналысын өткізу белгіленген күннен кейінгі келесі күннен бұрын тағайындалуы мүмкін емес.

63. Акционерлердің екінші Жалпы жиналысы акционерлердің өткізілмеген Жалпы жиналысы белгіленген жерде өткізіледі.

64. Акционерлердің екінші Жалпы жиналысының күн тәртібі акционерлердің өткізілмеген Жалпы жиналысының күн тәртібінен ерекшеленбеуі тиіс.

65. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі жасайды және талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесін қамтуы тиіс. Күн тәртібінде «әртүрлі», «өзгелері» және осыған ұқсас тұжырымдарды қоса алғанда, кеңінен түсіндірілетін тұжырымдарды пайдалануға тыйым салынады.

Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін өздігінен немесе басқа акционерлермен бірге Қоғамның бес және одан да көп дауыс беретін акцияларын иеленетін акционер немесе Қоғам акционерлері мұндай толықтырулар туралы Жалпы жиналысты өткізу күніне дейін он бес күннен бұрын кешіктірілмей хабардар болған жағдайда немесе Жарғының 68-тармағында белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесі толықтыруы мүмкін.

66. Акционерлердің бетпе-бет тәртіпте өткізілетін Жалпы жиналысы ашылған кезде Корпоративтік хатшы күн тәртібін өзгерту туралы алған ұсыныстары туралы баяндауға міндетті.

67. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста ұсынылған дауыс беретін акциялардың жалпы санынан көпшілік дауыспен жүзеге асырылады.

68. Егер өзгерістерді енгізу үшін Қоғамның екі акционері (немесе олардың өкілдері) дауыс берсе, күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Жалпы жиналысының сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің шешім қабылдауы кезінде акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілуі және (немесе) толықтырылуы мүмкін емес.

69. Акционерлердің Жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

70. Акционерлердің Жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешім қабылдауға қажетті көлемдегі ақпаратты қамтуы тиіс. Корпоративтік хатшы акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар дайындауды қамтамасыз етеді.

71. Қоғам органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдарда ұсынылатын үміткерлер туралы келесі ақпаратты қамтылуы тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша – әкесінің аты;
- 2) білім туралы мәліметтер;
- 3) Қоғамға үлестестігі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жыл ішіндегі жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) үміткерлердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

72. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне Қоғамның Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) сайлау туралы мәселе енгізілген жағдайда материалда Директорлар кеңесі мүшесіне ұсынылған үміткер қай акционердің мүшесі екендігі немесе оның Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына үміткер екендігі көрсетілуі тиіс.

73. Заңның 35-бабы 2-тармағына сәйкес акционерлердің жылдық Жалпы жиналысының қарауына шығарылған, акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша материалдар мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі;
- 2) жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есеп;
- 3) Директорлар кеңесінің өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір қарапайым акциясына есептегенде бір жылғы дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
- 4) акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;
- 5) Қоғамның жылдық есебі;
- 6) Қоғамның Директорлар кеңесінің қалауы бойынша өзге құжаттар.

74. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар Қоғам акционерлерінің танысуы үшін акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу күнінен дейін он күннен бұрын кешіктірілмей дайын болуы және Қоғам Басқармасының орналасқан жері бойынша қолжетімді болуы тиіс, ал Қоғамның кез келген акционерлерінің сұратуы болған кезде – сұрату алған күннен бастап үш жұмыс күн ішінде оған жіберілуі тиіс.

75. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі Заңға, Жарғыға және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес немесе акционерлердің Жалпы жиналысының тікелей шешімімен анықталады.

76. Акционерлердің Жалпы жиналысы ашылғанға дейін акционерлердің өкілдерін тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі оның акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру өкілеттігін растайтын сенімхат ұсынуы тиіс.

Бетпе-бет тәртіппен жүргізілетін акционерлердің Жалпы жиналысына шақырылған тұлғалар қатысуы мүмкін, бұл ретте мұндай тұлғалар жиналыс төрағасының рұқсатымен акционерлердің Жалпы жиналысында сөз сөйлеуге құқылы.

77. Акционерлердің Жалпы жиналысы төрағаны сайлайды.

Акционерлердің Жалпы жиналысы дауыс беру нысанын анықтайды – ашық немесе құпия (бюллетеньдер бойынша).

Акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы Қоғамның Корпоративтік хатшысы болып табылады. Корпоративтік хатшы акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына жауап береді.

78. Акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық мәселелері қаралып, олар бойынша шешім қабылданғаннан кейін ғана жабық болып жариялануы мүмкін.

79. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас

дауыс беру) немесе акционерлердің Жалпы жиналысының отырысын өткізбей қолданылуы мүмкін.

80. Сырттай дауыс беру кезінде бірыңғай нысандағы дауыс беруге арналған бюллетеньдер акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады).

81. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенде мыналар қамтылуы тиіс:

- 1) толық атауы және Қоғамның Басқармасының орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыруға бастамашы туралы ақпарат;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер ұсынылатын соңғы күн;
- 4) акционерлердің Жалпы жиналысының жабылу күні;
- 5) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;

б) егер акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе қамтылса, сайлауға ұсынылған үміткерлердің аты-жөні;

7) дауыс беру жүргізілетін мәселелердің тұжырымдамасы;

8) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір сұрақ бойынша «жақтады», «қарсы», «қалыс қалды» сөздерімен берілген дауыс беру нұсқалары;

9) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру тәртібін түсіндіру (бюллетенді толтыру).

82. Акционердің – заңды тұлғаның сырттай дауыс беруіне арналған бюллетенге оның басшысы қол қоюы және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылуы тиіс.

Акционердің – заңды тұлғаның басшысының қолы қойылмаған, сондай-ақ акционердің – заңды тұлғаның мөрі жоқ бюллетень жарамсыз болып есептеледі.

Дауыстарды есептеу кезінде акционер бюллетенде белгіленген дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс беру нұсқаларының біреуі ғана белгіленген мәселелер бойынша ғана дауыстар есепке алынады.

83. Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру мына жағдайларды қоспағанда, «1 (бір) акция – 1 (бір) дауыс)» қағидаты бойынша жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда 1 (бір) акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстың барынша санын шектеу;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру;

3) акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы әрбір тұлғаға акционерлердің Жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша 1 (бір) дауыстан беру.

Дауыс беру қорытындылары бойынша Корпоративтік хатшы дауыс беру қорытындылары туралы хаттама дайындайды және қол қояды.

Акционерде дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша ерекше пікірі болған кезде Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының хатшысы

акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына тиісті жазбаны енгізуге міндетті.

Дауыс беру қорытындылары бойынша хаттама жасалып, қол қойылғаннан кейін соның негізінде хаттама жасалған бетпе-бет құпия және сырттай дауыс беруге арналған толтырылған бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер) хаттамамен бірге тігіледі және Қоғамда сақталады.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына енгізуге жатады.

Дауыс беру қорытындылары соның барысында дауыс беру жүргізілген акционерлердің Жалпы жиналысында жарияланады.

Акционерлердің Жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін онбес күнтізбелік күн ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы акционерлерге мәлімделеді.

84. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде дайындалып, қол қойылуы тиіс.

85. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасында мыналар көрсетіледі:

- 1) толық атауы және Қоғам Басқармасының орналасқан жері;
- 2) акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) акционерлердің Жалпы жиналысында ұсынылған Қоғамның дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) акционерлердің Жалпы жиналысының кворумы;
- 5) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасы (президиум) және хатшысы;
- 8) акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан тұлғалардың сөйлеген сөзі;
- 9) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі дауыс беруге қойылған әрбір мәселе бойынша акционерлердің жалпы дауыстар саны;
- 10) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 11) акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер.

Жалпы жиналыста Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қарастырылған жағдайда Жалпы жиналыстың хаттамасында Директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қай акционердің өкілі екендігі және (немесе) Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор екендігі көрсетіледі.

86. Бетпе-бет тәртіппен өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасы (президиум мүшелері) және хатшысы қол қоюы тиіс.

Сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы қол қоюы тиіс.

Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлғаның хаттамаға қол қоюы мүмкін болмаған жағдайда хаттамаға оның өкілі берілген сенімхат негізінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін білдіруге құқылы тұлға қол қояды.

87. Осы баптың 86-тармағында көрсетілген қандай да бір тұлғалардың хаттаманың мазмұнымен келіспеуі жағдайында осы тұлға бас тарту себебіне жазбаша түсініктеме ұсына отырып, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы, түсініктеме хаттамаға енгізуге жатады.

88. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу, дауыс беру және хаттамаға қол қою құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі.

89. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері Қоғам Басқармасы орналасқан жерде сақталуы және кез келген уақытта акционерлердің танысуы үшін ұсынылуы тиіс. Акционерлердің талап етуі бойынша оларға акционерлердің Жалпы жиналысы шешімдерінің көшірмесі беріледі.

90. Егер барлық дауыс беретін акциялар бір акционерге меншік және (немесе) сенімгерлікпен басқару құқығымен тиесілі болса, акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілмейді. Заңда және (немесе) Қоғамның Жарғысында акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді мұндай акционер жеке-дара қабылдайды және осы шешімдер артықшылықты акциялармен куәландырылған құқықтарға қысым жасамаған және шектемеген жағдайда жазбаша түрде рәтсімдеуге жатады.

Жоғарыда көрсетілген жағдайда, егер Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын меншік және (немесе) сенімгерлікпен басқару құқығымен иеленетін тұлға заңды тұлға болып табылса, онда Заңда және Жарғыда акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді егер сенімгерлікпен басқару шартында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға сәйкес заңды тұлғаның осындай шешімдерді қабылдауға құқылы органы, лауазымды тұлғалары немесе қызметкерлері қабылдайды.

12-БАП. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ

91. Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;
- 2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын арттыру немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 6) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 7) Қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 8) Орналастырылған акциялардың бір түрін акцияның басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау;
- 9) белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін анықтау;
- 10) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, олардың мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын анықтау, сондай-ақ Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;
- 11) акционерлердің алдағы кезеңдерге арналған болжалдарын бекіту және орындалуына мониторинг жүргізу;
- 12) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- 13) Қоғамның есептік қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір қарапайым акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту;
- 14) Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 15) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 16) нәтижесінде Қоғам құны мәміле туралы шешім қабылданған күнгі Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы көлемінен елу және одан да көп пайызды құрайтын мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау;
- 17) Заңға сәйкес Қоғамның жасалуында мүдделілік бар ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау;
- 18) Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе оның қызметіне қатысу не Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) жолымен өзге заңды

тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығу туралы шешім қабылдауы;

19) «алтын акцияларды» енгізу және күшін жою;

20) Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

21) Заңға сәйкес Қоғам ұйымдастырылмаған нарықта сатып алуы кезінде акциялардың құнын анықтау әдістемесін бекіту және әдістемені өзгерту;

22) дивидендтік саясатты бекіту;

23) акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін анықтау;

24) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысында бекітілген тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Қоғамның Басқармасы мен Директорлар кеңесі Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдайтын құжаттарды қоспағанда);

25) олар бойынша шешім қабылдау Заңмен және (немесе) Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

92. Акционерлердің Жалпы жиналысының Жарғының 91-тармағының 2), 3), 4) және 21) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдауы Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санынан айқын көпшілікпен қабылданады.

Акционерлердің Жалпы жиналысының өзге мәселелері ойынша шешімдер егер Заңда және (немесе) Жарғыда өзгеше белгіленбесе, Қоғамның дауыс беруге қатысатын барлық дауыс беретін акцияларының жалпы санына қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

93. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, олар бойынша шешім қабылдау Жарғының 91-тармағында акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің құзыретіне беруге рұқсат етілмейді.

94. Акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

13-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

95. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және (немесе) Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне және Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелердің шешімін қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері осы бапта айқындалған тәртіппен қабылданады.

96. Директорлар кеңесі Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырғаны үшін акционерлердің Жалпы жиналысының алдында жауапкершілік алады.

97. Директорлар кеңесі жылдың қорытындысы бойынша акционерлердің Жалпы жиналысына Директорлар кеңесі туралы ережеде көзделген тәртіппен атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

98. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқару кезеңінде сыйайқы төленуі және (немесе) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің функциясын атқарумен байланысты шығыстарды өтеуі мүмкін. Осындай сыйақылардың және өтемақылардың мөлшері акционерлердің шешімімен белгіленеді.

99. Егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау және Қоғамның даму стратегиясын бекіту, сондай-ақ Қоғамның даму стратегиясының іске асырылуына мониторинг жүргізу;

2) орналастыру (сату) туралы, оның ішінде Заңмен көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялардың саны шегінде Қоғамның орналастырылатын (сатылатын) акцияларының саны, оларды орналастыру тәсілі және бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту, Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысына Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір қарапайым акциясына есептегенде тоқсандық, жартыжылдық немесе жылдық дивиденд мөлшері туралы ұсыныс беру;

5) Қоғамның жылдық есебін бекіту;

6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шартын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;

7) Қоғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, ол туралы ережені бекіту, Басқарма Төрағасын (Бас директорды) және мүшелерін сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қор саясатын есепке ала отырып, Басқарма төрағасының (Бас директордың) және Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшері мен еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын анықтау, сондай-ақ Басқарма мүшелеріне тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау;

8) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ комитет мүшелерін сайлау;

9) Қоғам қызметкерлерінің штат санын және ұйымдық құрылымын бекіту;

10) Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Қор саясатын есепке ала отырып, Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін, сыйақы төлеу және әлеуметтік қолдау шарттарын анықтау, сондай-ақ тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау;

11) Директорлар кеңесі бекіткен тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам Басқармасы Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты, сондай-ақ Қоғам Басқармасының төрағасы (Бас директор) және Басқарма мүшелері мен Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақыларының схемасын бекіту, оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу, сондай-ақ Директор кеңес қабылдаған құжаттардың күші жойылды деп тану;

12) Қоғам міндеттемелерін оның дербес капиталы мөлшерінен он және одан да көп пайызды құрайтын шамаға арттыру туралы шешім қабылдау;

13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекіту;

14) заңды тұлғаларды құру туралы шешім қабылдау (құруға қатысу туралы);

15) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың он және одан да көп пайыз акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесін) сатып алу (иеліктен шығару) туралы шешім қабылдау;

16) Қоғамның ірі мәмілелерді және Жарғының 91-тармағы 16), 17) тармақшаларына сәйкес Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы жасасу туралы шешім қабылдаған ірі мәмілелерді қоспағанда, жасалуында Қоғамның мүддесі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

17) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің бизнес-жоспарын және оған енгізілетін түзетулерді бекіту, сондай-ақ оның іске асырылуына мониторинг жүргізу;

18) Қоғамның Басқарма басшысы және мүшелері қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін, олардың нысаналы мәндерін бекіту, сондай-ақ Корпоративтік хатшының қойылымдық мақсаттарын бекіту;

19) Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғам қызметі туралы ақпараты алу тәртібі мен мерзімін, оның ішінде қаржылық ақпаратты анықтау;

20) Қоғамның есеп саясатын және салықтық есеп саясатын бекіту;

21) акцияларының он және одан көп пайызы (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның акционерлернің Жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;

22) Қоғамның жалпы тәуекел-аппетитін, Қоғамның әрбір негізгі тәуекеліне қатысты толеранттық деңгейін бекіту және қабылданатын тәуекелдердің деңгейін шектеу үшін лимиттерді белгілеу;

23) Қоғам тәуекелдерінің тіркелімі мен карталарын бекіту;

24) Қоғамның Басқарма мүшелерінің басқа ұйымдарда қоса атқаратын жұмысын келісу;

25) өз құзыреті шеңберінде Қоғамның Қазақстан Республикасы үшін әлеуметтік маңызды инвестициялық жобаларды іске асыру шарттарын айқындайтын, экономикалық тиімділігі төмен мәмілелерді жасасу туралы шешім

қабылдау немесе егер мәселе Басқарманың құзыретіне кіретін болса, Басқарманың шешімдерін мақұлдау;

26) Қоғамның және Қоғам акцияларын (қатысу үлестерін) тікелей немесе жанама түрде иеленетін заңды тұлғалардың активтерін басқару мәселелерін реттейтін құжатты бекіту (қайта құрылымдау, қайта ұйымдастыру, тарату, сатып алу және/немесе иеліктен шығару, сенімгерлікпен басқаруға беру, ауыртпалықтарды салу/жасау және т.б.), оның іске асырылуына мониторинг жасау, сондай-ақ көрсетілген құжатты мерзімдік негізде қайта қарау;

27) Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен тағайындалатын Қоғамның басшы қызметкерлері лауазымдарының тізбесін анықтау;

28) Қоғамда корпоративтік басқарудың даму мониторингі;

29) Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштерін, олардың төменгі, нысаналы мәндерін және сын-тегеурін мәндерін бекіту, сондай-ақ Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштерінің төменгі, нысаналы мәндерін немесе сын-тегеурін мәндеріне қол жеткізу мониторингін жүзеге асыру;

30) қызметтік жеңіл автомобильдердің тиістілігі нормативтерін және Қоғамның әкімшілік аппаратын орналастыруға арналған алаңдардың нормасын анықтау;

31) Қоғамның қызметтік іссапарларға жіберілген қызметкерлерінің шығыстарын өтеу тәртібі мен шарттарын анықтау;

32) қызметкерлерге ұялы байланысты пайдалану құқығын, өкілдік шығыстары лимиттерін ұсыну кезінде Қоғам қаражаты есебінен өтелетін шығыстардың лимиттерін анықтау;

33) Қоғамның ашықтығын және ақпаратты ашу процестерінің тиімділігін қарастыру;

34) Қоғам акциясының төлеміне берілген немесе ірі мәміленің нысаны болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушы қызметіне ақы төлеу мөлшерін анықтау;

35) акционерлердің саясатын есепке ала отырып, Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларын бекіту;

36) Қоғам Басқармасының, ішкі және сыртқы аудиторлардың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша есептерін қарастыру және бағалау;

37) Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелері жұмысының тиімділігі туралы шешім қабылдау;

38) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе Заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты анықтау;

39) Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің қағидааттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есебін бекіту;

40) Қазақстан Республикасының Заңында және/немесе Жарғыда көзделген, Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылмайтын өзге де мәселелер, оның ішінде Қоғамның Директорлар

кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған, Қоғамның Директорлар кеңесі немесе Қор бекіткен өзге де мәселелер.

100. Қоғамның Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар және акционерлердің Жалпы жиналысы деңгейінде әлеуетті мүдделер қақтығысын, оның ішінде Қоғамның меншігін заңсыз пайдалану және жасалуында мүдделілік бар мәмілелерді жасасу кезінде асыра пайдалануды қадағалауы және мүмкіндігінше жоюы,;

2) Қоғамда корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруы тиіс.

101. Жарғының 99-тармағында тізбесі белгіленген мәселелер Қоғам Басқармасының шешуіне берілуі мүмкін емес.

Директорлар кеңесі Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

102. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған тұлғалардың;

2) басқа тұлғалардың (Жарғының 103-тармағында белгіленген шектеулерді есепке ала отырып) қатарынан сайланады.

103. Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған жеке тұлға сайлануы мүмкін.

104. Директорлар кеңесі мүшелеріне үміткерлер өз міндеттерін орындауға және акционерлер мен Қоғамның мүддесіне орай барлық Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыруға қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, біліктілігі, оң жетістіктері және іскерлік, салалық ортадағы мінсіз абыройға ие болуы тиіс. Директорлар кеңесі мүшесіне үміткерлерге қойылатын талаптар Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленуі мүмкін.

Директорлар кеңесі мүшесінің лауазымына келесі тұлғалар сайлануы мүмкін емес:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшесі болып табылатын;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органының лауазымды тұлғасы болып табылатын;

3) өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен алынбаған соттылығы бар;

4) мәжбүрлі тарату немесе акциялардың мәжбүрлі сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот болып танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшы (атқарушы органның басшысы), басқа заңды тұлғаның басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған. Көрсетілген талап мәжбүрлі тарату немесе акциялардың мәжбүрлі сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот болып танылған басқа

занды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғаннан күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады;

105. Басқарма төрағасынан (Бас директордан) басқа Қоғам Басқармасының мүшелері Директорлар кеңесіне сайлануы мүмкін емес. Басқарма Төрағасы (Бас директор) Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлануы мүмкін емес.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамды құрайды. Директорлар кеңесі құрамынан кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысының Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы шешімінде Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің ішінде қайсысы тәуелсіз директорлар болып табылатындығы көрсетілуі тиіс.

106. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі 3 жылды құрайды. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің Жалпы жиналысы жаңа Директорлар кеңесін сайлау жүргізілетін шешім қабылдау сәтінде өтеді. Акционерлердің Жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесінің құрамына кез келген тұлғаны 6 жылдан артық мерзімге сайлау Директорлар кеңесінің құрамын сапалық жаңарту қажеттілігін ескере отырып айрықша қарастыруға жатады. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне тоғыз жылдан артық мерзімге сайлануы мүмкін емес. Айрықша жағдайларда қатарынан тоғыз жылдан артық мерзімге сайлауға рұқсат етіледі, бұл ретте Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігін және осы фактордың шешімдерді қабылдау тәуелсіздігіне ықпалын толық түсіндірумен жыл сайын жүргізілуі тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату акционерлердің Жалпы жиналысында Директорлар кеңесінің жазбаша хабарлаасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттіктері Директорлар кеңесінің көрсетілген хабарламаны алған сәтінен тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және акционерлердің Жалпы жиналысында Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау жағдайында соңғысының өкілеттігі жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір уақытта өтеді.

107. Директорлар кеңесінің төрағасы акционерлердің Жалпы жиналысында сайланады (тағайындалады).

Директорлар кеңесінің төрағасы Заңнамада және Жарғыда белгіленген тәртіппен:

1) Директорлар кеңесіне басшылық үшін жауап береді және оның тиімді қызметін қамтамасыз етеді;

2) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді;

3) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақырады және оған төрағалық етеді;

4) отырыстарда хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады;

5) Директорлар кеңесі мүшелерінің тиімді жұмысын және Директорлар кеңесінің мүшелері мен Қоғам Басқармасы арасындағы конструктивті қатынастарды қамтамасыз етеді;

6) ірі акционерлермен тиімді байланысты және акционерлердің Жалпы жиналысының көзқарасын жалпы Директорлар кеңесіне дейін жеткізуді қамтамасыз етеді;

7) ірі акционерлермен Қоғамның даму стратегиясын талқылауды қамтамасыз етеді;

8) Директорлар кеңесі мүшелерінің нақты және дәл ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді;

9) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне лауазымға кірісу бағдарламасын ұсынуды қамтамасыз етеді;

10) Қоғам атынан Қоғам Басқармасының төрағасымен (Бас директормен) Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақы мөлшерін белгілеумен, еңбекақы төлеу және әлеуметтік қолдау шарттарымен еңбек шартын жасасады. Бұл ретте осы еңбек шартында материалдық ынталандырудың Қоғамның Директорлар кеңесінде белгіленген Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуден тікелей тәуелділігі көзделуі тиіс;

11) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысына Директорлар кеңесі және Қоғамның Басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшері және құрамы туралы жыл сайын хабарлайды;

12) Заңнамада, Жарғыда және Корпоративтік басқару кодексінде көзделген өзге функцияларын орындайды.

Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функциясын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

108. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша немесе келесілердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;
- 2) ішкі аудит қызметі;
- 3) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйым;
- 4) ірі акционер;

109. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысына ұсынылатын күн тәртібі қамтылған тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы ұсынылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы Қоғам Басқармасына көрсетілген талаппен өтініш білдіруге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғамның Басқармасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей шақыруы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты ұсынған тұлғаны міндетті шақырумен өткізіледі.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі анықтайды.

Күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын ұсынылады.

Ірі мәмілені және (немесе) жасалуында мүдделілік бар мәмілені жасасу жөнінде шешім қабылдау туралы мәселені қарастыру жағдайында мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәмілені орындау мерзімдері мен шарттары, қатыстырылған тұлғалардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (Заңның 69-бабы 1-тармағында көзделген жағдайда) қамтылуы тиіс.

Қоғамның мәміле жасасуына мүдделі тұлғалар Директорлар кеңесіне Заңның 72-бабында көрсетілген ақпаратты жазбаша түрде жеткізуге міндетті. Осы ақпарат Директорлар кеңесіне жіберілетін материалдарға қоса тіркеледі.

Қоғамның мәміле жасасуына мүдделі, Қоғамның лауазымды тұлғалары болып табылатын тұлғалар бетпе-бет тәртіппен отырыс өткізу кезінде осы ақпаратты Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін корпоративтік хатшы арқылы ұсынады.

Көрсетілген мәліметтерді Қоғамның мәміле жасасуына мүдделі, Қоғамның лауазымды тұлғалары болып табылатын тұлғалар сырттай тәртіппен отырыс өткізу кезінде бюллетеньдерде тиісті ақпаратты көрсету арқылы ұсынады.

Сондай-ақ, Директорлар кеңесінің отырысын сырттай өткізу туралы жазбаша хабарламаға сырттай дауыс беруге арналған бюллетень қоса беріледі, ол бірыңғай нысан бойынша Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне ұсынылады.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде мыналар қамтылуы тиіс:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) атауы және орналасқан жері;
- 2) қол қойылған бюллетеньді корпоративтік хатшыға беру күні;
- 3) отырыстың күн тәртібі;
- 4) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 5) өзге мәліметтер.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберу кезінде Корпоративтік хатшы өз қолымен олардың дұрыс және бірдей жасалғанын куәландырады.

Бетпе-бет отырыс өткізу жағдайында Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада Директорлар кеңесі мүшесі отырысқа қатыса алмайтын жағдайдан күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс беру мүмкіндігі туралы түсініктеме болуы тиіс.

110. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің отырысына бейнеконференция (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференц-байланыс (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефондық мәжіліс» режимінде

бір уақытта сөйлесуі) арқылы, сондай-ақ өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы қатыса алады. Директорлар кеңесінің осындай отырыстарда қабылданған шешімдерін рәсімдеу тәртібі Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалады.

Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің төрағасына немесе Корпоративтік хатшыға Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы алдын ала хабарлауға міндетті. Отырысқа қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беруге құқылы.

Бұл ретте күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламада мыналар қамтылуы тиіс:

- 1) жасалған күні;
- 2) Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша хабарлама жіберу арқылы пікірі білдірілетін күн тәртібі;
- 3) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша нақты тұжырымдалған көзқарасы;
- 4) қолы;
- 5) Директорлар кеңесі мүшесінің қалауы бойынша, күн тәртібіне қатысты өзге де мәліметтер.

Директорлар кеңесінің мүшесі ұсынған күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептеу кезінде ескеріледі және отырыстың хаттамасына тігіледі, онда осы Директорлар кеңесі мүшесінің күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс беруі туралы жазба жасалады.

Күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламаны Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің төрағасына немесе Корпоративтік хатшыға Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін ұсынуы тиіс.

Егер күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберген Директорлар кеңесінің мүшесі Кеңестің аралас дауыс беру пайдаланылатын отырысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, оның жазбаша пікірі ескерілмейді.

111. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелері санынан кемінде жартысын құрайды және бейнеконференция (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференц-байланыс (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефондық мәжіліс» режимінде бір уақытта сөйлесуі), сондай-ақ өзге де байланыс құралдарын пайдалануды ескере отырып, сондай-ақ Директорлар кеңесінің жоқ мүшелерін ескере отырып (олардың жазбаша түрде берілген дауыстары болған кезде) анықталады.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың алдыңғы абзацында айқындалған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысының қарауына Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау мәселесін шығарады. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері осындай мәселені акционерлердің Жалпы жиналысының қарауына шығару туралы шешім қабылдауға ғана құқылы.

Осы Жарғының 99-тармағының 1), 5), 7-10), 16-18) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің үштен екісін құрайды, бұл ретте Директорлар кеңесінің отырысында тәуелсіз директорлардың көпшілігі қатысуы тиіс.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың алдыңғы абзацында айқындалған кворумға қол жеткізуге жеткіліксіз болған жағдайда, көрсетілген мәселелерді қарастыру Директорлар кеңесінің келесі отырысына ауыстырылады. Бірінші тармақтың алдыңғы абзацында көрсетілген мәселелерді қайта қарау кезінде кворумға және тәуелсіз директорлардың санына қойылатын талаптар қолданылмайды.

112. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Заңнамада немесе Жарғыда өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің отырысқа қатысып отырған немесе жазбаша пікірін білдірген мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстардың теңдігі кезінде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалып ететін тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Директорлар кеңесі Заңда және Жарғыда белгіленген тәртіпті бұзушылықпен қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі шешімді сот тәртібінде даулауға құқылы.

Егер көрсетілген шешіммен Қоғамның және (немесе) оның акционерлерінің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылса, акционерлер Директорлар кеңесінің Заң мен Жарғы талаптарының бұзылуымен қабылданған Директорлар кеңесінің шешімін сотта даулауға құқылы.

113. Жасалуында Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім Директорлар кеңесінің оның жасалуына мүдделі емес мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Егер тәуелсіз директорлардан басқа, Директорлар кеңесінің барлық мүшелері осындай мәмілені жасауға мүдделі болса, шешім тәуелсіз директорлардың қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстардың теңдігі жағдайында, жасалуында Қоғамның мүддесі бар мәмілені жасасу туралы шешім акционерлердің Жалпы жиналысында қабылданады.

114. Директорлар кеңесі төрағасының қалауы бойынша Директорлар кеңесінің оның қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауы мүмкін. Бұл ретте отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер қолданылады.

Осы Жарғының 99-тармағы 1), 5), 7-10), 16-18) тармақшаларында айқындалған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арықлы шешім қабылданбайды.

Директорлар кеңесінің кемінде бір мүшесі мәселені сырттай отырыста қарауға қарсы наразылығы болған жағдайда мәселе кезекті бетпе-бет отырысның күн тәртібіне енгізіледі.

Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Директорлар кеңесінің мүшесі қол қоюы тиіс. Бюллетень қолтаңбасыз жарамсыз болып есептеледі. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде рәсімделуі және оған корпоративтік хатшы мен Директорлар кеңесінің төрағасы қол қоюы тиіс, сондай-ақ төмендегілер қамтылады:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыстың шешімін жазбаша рәсімдеу күні, орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;
- 4) отырысты шақырған тұлғаны (органды) көрсету;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның болуы / жоқтығы туралы жазба;
- 7) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары және қабылданған шешім;
- 8) өзге мәліметтер.

Шешім рәсімделген күннен бастап жиырма күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне соның негізінде осы шешім қабылданған бюллетеньдермен қоса жіберілуі тиіс.

115. Директорлар кеңесінің бетпе-бет өткізілген отырысында қабылданған шешімдер хаттамамен рәсімделеді, оған Директорлар кеңесінің төрағасы және корпоративтік хатшы отырыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде жасалуы және қол қойылуы тиіс және мыналарды қамтиды:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыс өткізілетін күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің Директорлар кеңесі отырысы күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижелері көрсетілген дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесі мүшесінің күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс беруі туралы жазба (осындай жазбаша хабарлама болған жағдайда);
- 8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге мәліметтер иные сведения по решению Совета директоров.

Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдері, сондай-ақ қол қойылған бюллетеньдер белгіленген тәртіппен корпоративтік хатшыда сақталады және Қоғамның мұрағатына тапсырылады.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерін танысу үшін ұсынуға және (немесе) оған хаттамадан үзінді көшірмелерді және оның қолымен куәландырылған шешімдерді беруге міндетті.

116. Ең маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.

Директорлар кеңесінің комитеттері келесі мәселелерді қарастырады:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақы;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер а.

Осы тармақтың екінші бөлігінде санамалап көрсетілген мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің жекелеген комитетінде қарастырылатын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Осы тармақтың екінші бөлігінің 1) – 4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарастыру функциясына кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

Қоғам Басқармасының төрағасы (Бас директор) Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесі комитеттерін құру және оның жұмыс тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

14-БАП. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМАСЫ

117. Ағымдағы қызметке Басқарма басшылық етеді. Басқарманы Басқарма төрағасы (Бас директор) басқарады.

Басқарма төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Жарғыда Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы, оның ішінде:

1) Заңнамада және (немесе) Жарғыда Қоғамның өзге органдарының, Басқарма төрағасының (Бас директордың) құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның мәміле жасасуы туралы шешім қабылдайды;

2) өз құзыреті шеңберінде Қоғам міндеттемелерін оның дербес капиталының мөлшерінен екі пайыздан он пайызға дейін құрайтын шамаға арттыру туралы шешім қабылдайды;

3) алдын ала бекіту үшін Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін дайындайды және алдын ала бекіту үшін Директорлар кеңесіне ұсынады;

4) Директорлар кеңесіне Қоғамның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді;

5) филиалдардың және өкілдіктердің, сондай-ақ еншілес ұйымдар мен тәуелді ұйымдардың жұмысын үйлестіреді;

6) Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның ұйымдық құрылымын есепке ала отырып, қызметкерлердің жалпы штат саны шеңберінде штат кестесін (Қоғамның ішкі аудит қызметін қоспағанда) бекітеді, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктердің жалпы санын, құрылымын және штат кестесін бекітеді;

7) Қоғамның әкімшілік және басқарушы қызметкерлерінің (Қоғам басқармасының басшысы мен мүшелерін, ішкі аудит қызметін, Қоғамның Корпоративтік хатшысын қоспағанда) лауазымдық жалақысының схемасын бекітеді;

8) Қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауына міндетті шешімдер шығарады және нұсқаулар береді;

9) акционерлердің Жалпы жиналысы және Қоғамның директорлар кеңесі бекіткен құжаттарға жатпайтын, Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;

10) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері ойынша шешім қабылдайды;

11) Қоғамның Даму стратегиясының, Даму жоспарының жобаларын әзірлейді, мақұлдайды және Директорлар кеңесіне ұсынады;

12) Қоғамның даму стратегиясын, даму жоспарын іске асырады, олардың орындалуына жауапкершілік алады, сондай-ақ Директорлар кеңесіне жыл сайын Қоғамның даму стратегиясын және даму жоспарын іске асыру туралы есеп береді;

13) Қоғамның Даму жоспарын, Қоғамның Бюджетін әзірлеу тәртіпін бекітеді және олардың орындалуына жауапкершілік алады;

14) Қоғамның дивидендтік саясатына, Қоғамның есептік қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібіне қатысты ұсынымдар дайындау, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу және Қоғамның бір қарапайым акциясына есептегенде дивидендтің мөлшерін анықтау бойынша ұсыныстарды қарастырады, мақұлдайды және Директорлар кеңесіне ұсынады;

15) өз құзыреті шеңберінде мүдделер қақтығысын және корпоративтік қақтығыстарды реттеуге қатысады және мониторингті жүзеге асырады;

16) Қоғамда бухгалтерлік есепті ұйымдастырады, амортизация нормаларын белгілейді, бірақ Заңнамада белгіленген шекті нормалардан жоғары емес;

17) Қоғам қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті дайындайды және Директорлар кеңесіне бекіту үшін ұсынады;

18) Қоғамның есеп саясатын және салықтық есеп саясатын әзірлеуді және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынуды қамтамасыз етеді;

19) Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжаттарды қоспағанда, тәуекелдерді басқару бойынша ішкі құжаттарды бекітеді;

20) тәуекел-аппетит деңгейінің сақталуына және Қоғамда ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімді жұмыс істеуіне жауапкершілік алады;

21) Директорлар кеңесінің қоғамның негізгі тәуекелдердің жай-күі туралы уақтылы хабарлайды;

22) Директорлар кеңесінің, Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімдерінің, Қоғамның жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның ұсынымдарының, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің ұсынымдарының орындалуына мониторинг жүргізеді;

23) Қоғам меншігіне қатысты заңсыз әрекеттерді туғызатын себептер мен жағдайларды анықтау жұмысын ұйымдастырады;

24) Қоғам Жарғысында белгіленген тәртіппен Қоғам қызметі туралы ақпаратты ұсынады;

25) Қоғам қызметкерлерін оқытуға қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдайды;

26) Акционерлердің Жалпы жиналысының қарауы үшін шешім қабылдау оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша құжаттарды дайындайды;

27) қажет болған жағдайда Басқарма жанындағы бизнес-бағыттар бойынша комитеттерді құрады және таратады және олар туралы ережелерді бекітеді;

28) бекітілуі Директорлар кеңесінің және акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған ішкі құжаттарды алдын ала мақұлдайды;

29) Қоғам Басқармасы мүшелерінің басқа ұйымдардағы қоса атқаратын жұмысын алдын ала мақұлдайды;

30) Қоғам қызметінің Заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз етеді;

31) қызметкерлердің жалпы штат саны, Қоғамның ұйымдық құрылымы бойынша ұсыныстар әзірлейді;

32) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметін қамтамасыз етудің өзге мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

118. Қоғам Басқармасы оларға жүктелген функцияларды орындау кезінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғам қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен және сұрату алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмеген мерзімде уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

119. Басқарма мүшесінің дауыс құқығын, өзге тұлғаға, оның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруге рұқсат етілмейді.

Басқарманың бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің және акционерлердің Жалпы жиналысының қарауына шығарылған барлық мәселелерді Басқарма алдын ала қарастыруы және мақұлдауы тиіс.

Басқарма төрағасы акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Егер Қоғам мәмілені жасасу сәтінде тараптар осындай шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, Қоғам Басқармасы Қоғамда белгіленген шектеулерді бұзушылықпен жасаған мәселелердің жарамдылығын даулауға құқылы.

120. Қоғам Басқармасының жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру және өткізу, сондай-ақ Басқарманың өзге де өкілеттіктері Директорлар кеңесі бекіткен Басқарма туралы ережеде айқындалады.

121. Басқарма мүшелері Қоғам акционерлерінің өкілдері және Қоғам акционерлері болып табылмайтын Қоғам қызметкерлері болуы мүмкін. Басқарма мүшесінің тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, іскерлік беделі болуы тиіс.

Басқарма төрағасын (Бас директорды) қоспағанда, Басқарма мүшесінің өкілеттігін мерзімінен брын тоқтату және Директорлар кеңесінің Басқарманың жаңа мүшесін сайлауы (тағайындауы) жағдайында соңғысының өкілеттігі жалпы алғанда Қоғам Басқармасы өкілеттігінің мерзімі өтуімен бір уақытта өтеді.

Басқарма мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмысты қоса атқаруға құқылы.

Басқарма төрағасы (Бас директор) атқарушы орган басшысының немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функциясын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын атқаруға құқылы емес.

Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, Жарғыда, сондай-ақ көрсетілген тұлғаның Қоғаммен жасалған еңбек шартында анықталады. Басқарма төрағасымен (Бас директормен) еңбек шартына Қоғам атынан Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Акционерлердің Жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Қоғам Басқармасының қалған мүшелерімен еңбек шартына Басқарма төрағасы (Бас директор) қол қояды.

122. Басқарма құрамы 5 (бес) адамнан артық емес.

123. Басқарма төрағасы (Бас директор) және Қоғам Басқармасының мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады. Басқарма төрағасының (Бас директордың) және Қоғам Басқармасы мүшелерінің өкілеттік мерзімі жалпы алғанда Қоғам Басқармасының өкілеттік мерзіміне сәйкес келеді.

124. Егер отырысқа Қоғамның Басқарма мүшелерінің кемінде жартысы, оның ішінде Қоғам Басқармасының отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша дауыс берген мүшелері қатысқан болса, отырыс жарамды деп есептеледі.

Қоғамның Басқарма мүшесі Басқарма төрағасына (Бас директорға) Қоғам Басқармасының отырысына қатыса алмайтындығы туралы алдын ала хабарлауға міндетті. Отырысқа қатыспаған Қоғамның Басқарма мүшесі жазбаша хабарлама арқылы Қоғамның Басқарма отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы.

Көрсетілген жазбаша хабарламаның мазмұны, оны ұсыну және онда берілген дауысты есепке алу тәртібі Қоғам Басқармасы туралы ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қоғам Басқармасының сырттай отырыстарын өткізуге айрықша жағдайларда және Басқарма төрағасының (Бас директордың) немесе талқыланбайтын сипаттағы мәселелер бойынша оны ауыстыратын тұлғаның шешімімен ғана рұқсат етіледі.

Қоғам Басқармасының кемінде бір мүшесінің мәселені сырттай отырыста қарауға қарсы наразылығы болған жағдайда мәселе кезекті бетпе-бет отырыстың күн тәртібіне енгізіледі.

125. Қоғам Басқармасының шешімдері Қоғам Басқармасының отырысқа қатысып отырған немесе жазбаша хабарлама ұсынған мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстардың теңдігі жағдайында Басқарма төрағасы (Бас директор) дауыс берген шешім қабылданады.

Қоғам Басқармасының шешімдері хаттамамен рәсімделеді, оған Қоғам Басқармасының отырысқа қатысып отырған барлық мүшелерінің қолы қойылуы тиіс және дауыс беруге қойылған мәселелер, Қоғам Басқармасының әрбір мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижелері көрсетілген дауыс беру қорытындылары қамтылуы тиіс.

126. Қоғамда тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша жедел шешім қабылдау мақсатында Қоғам Басқармасы жанында Тәуекелдер жөніндегі комитет құрылуы мүмкін. Тәуекелдер жөніндегі комитетті құру және оның жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ оның сандық құрамы Басқарма бекітетін Қоғамның ішкі құжатында белгіленеді.

Басқарма Қоғам Басқармасы жанында өзге комитеттерді (комиссияларды) құруға құқылы.

127. Басқарма төрағасы (Бас директор):

- 1) Қоғамның Басқармасын басқарады;
- 2) акционерлердің Жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- 3) Қоғам атынан оның үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында сенімхатсыз әрекет етеді;
- 4) Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында оның мүддесін білдіру құқығына, оның ішінде Жарғының осы тармағының 5) тармақшасында көрсетілген мәмілелерді жасасу бойынша құқығына сенімхат береді;
- 5) осындай мәмілелерді жасасу Қоғамның өзге органдарының құзыретіне жататын жағдайларды қоспағанда, мүліктік емес сипаттағы мәмілелерді және нәтижесінде Қоғам құны Қоғамның дербес капиталы мөлшерінен екі пайызға дейін құрайтын мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасады;
- 6) Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғам қызметкерлерін қабылдайды, ауыстырады және жұмыстан босатады, оларға ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін белгілейді, корпоративтік хатшыны, Қоғам Басқармасының құрамына, ішкі аудит

қызметкерлеріне кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің сыйлықақы мөлшерін анықтайды;

7) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды бұйрық негізінде Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

8) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік саласын бөледі;

9) Қоғамның жұмыс режимін белгілейді;

10) ағымдағы және перспективалы жоспарлар мен бағдарламалардың – Қоғам жұмыстарының орындалуын қамтамасыз етеді;

11) Директорлар кеңесінің және акционерлердің Жалпы жиналысының алдында Қоғам жұмысы үшін жауапкершілік алады;

12) Қоғамның банк және басқа да шоттарын ашады;

13) құзыреті шеңберінде бұйрықтар шығарады, өкімдер береді;

14) Басқарма отырысын шақырады және Басқарма мүшелеріне отырыстың күн тәртібі мәселелері бойынша қажетті материалдар беруді ұйымдастырады;

15) Басқармада белгіленген тәртіппен, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді қоса алғанда, ішкі нормативтік құжаттарды бекітеді;

16) Қоғамның атынан аудиторлық ұйыммен жыл сайынғы аудит жүргізуге шарт жасасады;

17) Қоғамның қаржы, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық және өзге де саясатын іске асыруды қоса алғанда, Қоғамның операциялық қызметі бойынша жұмысты ұйымдастырады;

18) Директорлар кеңесіне Қоғам қызметіндегі барлық маңызды оқиғалар туралы хабарлайды;

19) Қоғамның кадр саясатын іске асырады, оның ішінде еңбек тәртібі ережелерін бекітеді;

20) Қоғамның міндеттерін орындауға қажетті және акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне, сондай-ақ Басқарманың құзыретіне жатпайтын, Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты қалған барлық мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

128. Қоғамның Басқарма төрағасының (Бас директордың) шешімі бойынша Қоғамның Басқарма мүшелеріне белгіленген тәртіппен Қоғамның Басқарма төрағасының (Бас директордың) қандай да бір өкілеттіктерді берілуі мүмкін.

15-БАП. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

129. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

130. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

16-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫ

131. Қоғамның лауазымды тұлғалары (Директорлар кеңесінің мүшелері, Қоғамның Басқарма мүшелері):

1) оған жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен оның акционерлерінің мүддесін барынша көрсететін тәсілдерді пайдаланады;

2) Қоғам мүлкін Қоғамның Жарғысына, акционерлердің Жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдаланбауы немесе пайдалануға жол бермеуі және өзінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасасу кезінде өз жағдайын асыра пайдаланбауы тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Заңнама талаптарына сәйкес Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашуды және ұсынуды бақылайды;

5) егер Қоғамның ішкі құжаттарына өзгеше белгіленбесе, Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын Қоғамдағы жұмысын тоқтатқан сәтінен үш жыл ішінде сақтауға міндетті.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Заңнаманың, Жарғының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ақпараттылық, ашықтық негізінде, Қоғамның және оның акционерлерінің мүддесіне орай әрекет етуі;

2) акционерлерге әділ қарым-қатынас жасауы, корпоративтік мәселелер бойынша тәуелсіз пікір шығаруы тиіс.

Қоғамның Басқарма мүшелері Қоғам Басқармасының отырысын шақыруға бастама жасау, Қоғамның Басқарма төрағасына (Бас директорға) хабарлау жолымен немесе өзге де қолжетімді тәсілмен залалды болдырмау, Қоғам қызметін оңтайландыруға қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

Қоғамның Басқарма мүшелері Қоғам Басқармасының төрағасына (Бас директорға) олар жетекшілік ететін мәселелер бойынша істердің жағдайы туралы хабардар етеді.

132. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғам мен акционерлердің алдында олардың әрекеттерімен және (немесе) әрекетсіздігімен келесілердің нәтижесінде келтірілген залаларды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, Қоғамға келтірілген залалдар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікті көтереді:

1) адастыруға әкелетін ақпаратты немесе қасақана жалған ақпаратты ұсыну;

2) Заңда белгіленген ақпаратты ұсыну тәртібі бұзу;

3) ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуында мүдделілік бар, олардың жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде Қоғамға залал келтіруге әкеп соққан, оның ішінде олардың немесе олардың үлестес тұлғаларының Қоғаммен осындай мәселелерді жасасу нәтижесінде кіріс (табыс) алу мақсатында мәмілелер жасасуға және (немесе) жасасу туралы шешім қабылдау ұсыныс жасау.

133. Акционерлердің Заңда және (немесе) Жарғыда көзделген жағдайларда ірі мәміле және (немесе) жасалуында мүдделілік бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдауы мәміле жасасуға ұсыныс жасаған лауазымды тұлғаны немесе егер оларды орындау нәтижесінде Қоғамға залал келтірілсе, олардың немесе олардың үлестес тұлғаларының кіріс (табыс) алуы мақсатында, өзі мүшесі болып табылатын Қоғам органының ортысында жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген лауазымды тұлғаны жауапкершіліктен босатпайды.

134. Қоғам акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі негізінде немесе акционерлер өз атынан лауазымды тұлғаға Қоғамға келтірілген зиянды немесе залалды өтеу туралы, егер лауазымды тұлға жосықсыз әрекет етсе және (немесе) әрекет етпеген жағдайда, сондай-ақ лауазымды тұлғаның және (немесе) оның үлестес тұлғаларының Қоғамға залал келтіруге әкеп соққан, ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуында мүдделілік бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау (жасауға ұсыныс жасау) нәтижесінде алған кірісін (табысын) қайтару туралы талапарызбен сотқа жүгінуге құқылы.

135. Егер мәмілені жасасу және (немесе) жүзеге асыру кезінде Қоғамның лауазымды тұлғасы үшінші тұлғамен келісім негізінде Заңнаманың, Жарғының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын бұзушылықпен әрекет етсе, Қоғам акционерлердің шешімі негізінде немесе акционерлер өз атынан Қоғамның лауазымды тұлғасына және (немесе) үшінші тұлғаға осы үшінші тұлғамен жасалған мәміле нәтижесінде келтірілген залалды Қоғамға өтеу туралы талапарызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Қоғамның акционерлердің шешімі негізінде немесе акционерлерің өз атынан сотқа жүгіну тәртібі Заңның ережелерінде және Заңнамада белгіленеді.

136. Сотта меншікке қарсы, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге ұйымдарда қызметің мүдделеріне қарсы қылмыс жасауда айыпты деп танылған, сондай-ақ көрсетілген қызметтерді жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған Қоғамның лауазымды тұлғалары заңда белгіленген тәртіппен соттылықты өтеу немесе алып тастау немесе қылмыстық жауапкершіліктен босату күнінен бастап бес жыл ішінде Қоғамның лауазымды тұлғаларының міндеттерін атқара алмайды.

137. Егер Қоғамның қаржылық есептілігі Қоғамның қаржылық жағдайын бұрмалаған жағдайда Қоғамның осы қаржылық есептілікке қол қойған лауазымды тұлғалары осының нәтижесінде материалдық залал келтірілген үшінші тұлғалардың алдында жауапкершілік алады.

138. Қоғамның мемлекеттік қызметшілер болып табылатын және лауазымдық міндеттеріне сәйкес өз өкілеттіктерін жүзеге асыратын лауазымды тұлғаларына сыйақы және өтемақы төленбейді.

17-БАП. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ АУДИТ

139. Қоғамның қаржы жылы күнтізбелік жыл (1 қаңтардан бастап 31 желтоқсан аралығында) болып табылады.

Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілік жасау тәртібін Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында белгіленген.

140. Қоғамның Басқармасы акционерлердің Жалпы жиналысына Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізілген өткен жылғы жылдық қаржылық есептілікті талқылау және бекіту үшін жыл сайын ұсынады. Қаржылық есептілікпен қатар Қоғамның Басқармасы акционерлердің Жалпы жиналысына аудитордың ұсынымдарын қоса алғанда (басшылыққа хат), аудиторлық есеп ұсынады.

141. Жылдық қаржылық есептілік акционерлердің Жалпы жиналысының карауына шығарылғанға дейін отыз күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне жатады.

Қоғамның шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту акционерлердің Жалпы жиналысында жүргізіледі.

142. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі Заңнамада белгіленген тәртіппен жарияланады.

Қоғам бұқаралық ақпарат құралдарында жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімде жыл сайын жариялауға міндетті. Қоғам өзге қаржылық есептілікті қосымша жариялауға құқылы.

Ірі мәміле және (немесе) жасалуында мүдделілік бар мәміле туралы ақпарат халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбаша ашып көрсетіледі, сондай-ақ Заңның 79-бабының талаптарына сәйкес акционерлер мен инвесторларға мәлімделеді. Нәтижесінде Қоғам активтерінің мөлшерінен сомасы он және одан да көп пайызға мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын активтер, мәмілелердің мерзімі мен шарттары, қатыстырылған тұлғалардың қатыс үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ мәміле туралы өзге мәліметтерді қамтуы тиіс.

143. Қоғам жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізуге міндетті.

144. Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша Қоғам есебінен немесе Қоғамның кез келген акционерінің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте акционерлер аудиторлық ұйымды өздігінен анықтауға құқылы. Кез келген акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізу жағдайында Қоғам аудиторлық ұйым сұрататырн барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) ұсынуға міндетті.

Егер Қоғамның Басқармасы Қоғамға аудит жүргізуден жалтарса, кез келген мүдделі тұлғаның талапарызы бойынша сот аудит тағайындауы мүмкін.

18-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУІ. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ

145. Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында ақпаратты бағалы қағаздар нарығы туралы Заңнамада белгіленген тәртіппен ашып көрсетуге міндетті.

Қоғам жылдық есепті Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында (www.astanagas.kz) Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап 10 күн ішінде орналастырады.

Егер сұратуда өзге мерзім белгіленбесе, кез келген акционердің Жарғының осы бабында көрсетілген ақпаратты немесе құжаттардың көшірмесін ұсыну туралы сұратуы бойынша Қоғам сұрату алған күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей белгіленген тәртіппен өтініш берушіге ұсынуға міндетті.

Қоғамның бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналымының және айырбастаудың жекелеген мәселелерін реттейтін, қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпарат бар құжаттар акционердің талап етуі бойынша танысуға ұсынылуы тиіс.

Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты білетін Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

Кез келген акционердің мүддесін қозғайтын Қоғам қызметі туралы ақпарат Заңға және Жарғыға сәйкес ұсынылады.

146. Қоғамның қызметіне қатысты құжаттар Қоғамның орналасқан жері бойынша немесе Қоғам Басқармасының шешімі бойынша басқа жерде оның барлық қызметінің мерзімі ішінде Қоғамның сақтауына жатады.

Заңның 80-бабында көрсетілген құжаттар сақтауға жатады.

147. Жарғының 146-тармағында көрсетілмеген өзге құжаттары, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептібігі Заңнамаға сәйкес белгіленген мерзімі ішінде сақталады.

148. Кез келген акционердің талап етуі бойынша Қоғам Заңда және Жарғыда көзделген құжаттардың көшірмесін ұсынуға міндетті. «Құпия», «Қызмет бабында пайдалануға арналған» белгілері бар, акционерге белгілі болған Қоғам қызметі туралы ақпарат олардың құзыреті мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын қоспағанда, үшінші тұлғаларға жазбаша немесе өзге нысанда берілмейді. Өзге тұлғаларға құпия ақпаратты ашып көрсету Қоғамның Басқарма төрағасының (Бас директордың) келісімі бойынша ғана мүмкін.

149. Қоғам осы тұлғалар ұсынған мәліметтер негізінде өзінің үлестес тұлғаларының есебін жүргізеді.

150. Қоғамның акционерлері және лауазымды тұлғалары үлестестігі туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметті ұсынады.

Қоғамның акционерлері немесе лауазымды тұлғалары бұрын үлестес тұлғалар ретінде көрсеткен тұлға үлестес болуын тоқтатқан жағдайда, Қоғамның

акционері немесе лауазымды тұлғасы бес күн ішінде Қоғамға бұл туралы хабарлайды.

Қоғам үлестес тұлғалар туралы ақпаратты Қоғамға уәкілетті органның тиісті талабын орындауға мүмкіндік беретін көлемде береді.

19-БАП. ҚОҒАМ МЕНШІГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ

151. Қоғам меншігін және оған тиесілі құқықтарды құқықтық қорғау Заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

20-БАП. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

152. Қоғам акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздемелер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

21-БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

153. Егер Жарғының ережелерінің бірі жарамсыз болса, онда бұл қалған ережелердің жарамдылығын қозғамайды. Жарамсыз ереже мағынасы бойынша жақын және құқықтық жағынан рұқсат етілетін ережемен ауыстырылады.

154. Жарғы бекітілген сәтінен бастап күшіне енеді.

Басқарма төрағасы
(Бас директор)



С. Мақашев

УТВЕРЖДЕН

Решением Общего собрания акционеров
АО «АстанаГаз КМГ»
(протокол заседания Общего собрания
акционеров) № 3
от «06» мая 2019 года

У С Т А В
акционерного общества
«АстанаГаз КМГ»

г. Нур-Султан, 2019 год

СТАТЬЯ 1. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС

1. Акционерное общество «АстанаГаз КМГ» (далее - Общество) является юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан осуществляет свою деятельность в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, Республики Казахстан «Об акционерных обществах» (далее - Закон) и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан (именуемые далее - Законодательство), а также настоящим Уставом (далее - Устав) и Кодексом корпоративного управления Общества.

2. Общество обладает статусом юридического лица с момента государственной регистрации в органах юстиции.

3. Финансовая и производственная деятельность Общества осуществляется на основе хозяйственной самостоятельности.

4. Общество имеет самостоятельный баланс, банковские счета, печать с указанием полного фирменного наименования на государственном и русском языках.

5. Общество может иметь штампы на государственном, русском языках, фирменные бланки и другие реквизиты.

СТАТЬЯ 2. НАИМЕНОВАНИЕ, МЕСТО НАХОЖДЕНИЯ И СРОК ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА

6. Наименование Общества:

полное наименование на государственном языке - «АстанаГаз ҚМГ» акционерлік қоғамы, сокращенное - «АстанаГаз ҚМГ» АҚ;

полное наименование на русском языке - акционерное общество «АстанаГаз КМГ», сокращенное - АО «АстанаГаз КМГ»;

полное наименование на английском языке - «AstanaGas KMG» joint stock company, сокращенное - «AstanaGas KMG» JSC.

7. Место нахождения Общества: 010000, Республика Казахстан, город Нур-Султан, район Есиль, улица Дінмұхаммед Қонаев, 8.

8. Срок деятельности Общества - не ограничен.

СТАТЬЯ 3. АКЦИОНЕРЫ ОБЩЕСТВА

9. Акционерами Общества являются акционерное общество «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» (далее - Фонд) и акционерное общество «Baiterek Venture Fund».

СТАТЬЯ 4. УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ОБЩЕСТВА

10. Настоящий Устав является учредительным документом Общества.

11. Все заинтересованные лица вправе ознакомиться с Уставом.

СТАТЬЯ 5. ЦЕЛЬ И ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА

12. Цель Общества - получение чистого дохода в ходе осуществления самостоятельной хозяйственной деятельности.

13. Предметом деятельности Общества являются:

- 1) деятельность в области инженерных изысканий и предоставление технических консультаций в области углеводородного сырья;
- 2) эксплуатация магистральных и иных трубопроводов, в том числе водоводов;
- 3) строительство нефтяных и газовых магистральных трубопроводов;
- 4) транспортирование по трубопроводу;
- 5) прочие строительно-монтажные работы на объектах магистральных газопроводов, эксплуатируемых Обществом;
- 6) пуск и наладка смонтированного оборудования для собственных нужд.

